

Парламент депутаттары Арқалықта



**Мұрат
ЖУНІСҰЛЫ**

Арқалыққа арнайы жұмыс сапарымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандығы «Қазақстандықтардың өл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын насиҳаттауға келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Мәжілістің «Заңнама және сот-құқықтық реформа» комитетінің мүшелері Василий Олейник пен Асылбек Смағұлов кала өкімдігінде, облыстық қазак жасөспірімдер театрында, І.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында болды. "Нұр Отан" партиясының Арқалық қалалық филиалында қоғамдық кабылдау өткізді.

Мәртебелі меймандармен өткізілген барлық шараларды кала өкімі Эльдар Күзенбаев жүргізіп отырды.

Елбасы Жолдауы – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының айқын көрсеткіші. Басты мақсат – халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту. Ел тұрмысы жылма-жыл жақсарып келеді. Дей тұрғанмен, әлі

де болса көп жұмыстар атқару қажет. Тұрмыстың түзелуінде көп нәрсе адамның өзінің жеке басына да байланысты. Бұл жерде еңбек үлкен рөл атқарады. Әркім қолдан келген ісімен айналысып, үздіксіз машықтанатын болса – ол еңбек нәтиже-сіз болып қалмайды.

Осылайша, тұжырымды ой өрбіткен КР Парламент Мәжілісінің депутаттары Жолдау жүктеген міндеттерге әр сала бойынша нақты тоқталып, жоғары заң шығарушы органның колға алып жаткан тың реформаларынан хабардар етті.

Халық қалаулыларымен кездесулерге қалалық мәслихат хатшысы, қала өкімінің орынбасарлары, қала өкімі аппаратының басшысы, мемлекеттік мекемелер басшылары, қала өкімдігінің жауапты қызметкерлері, деңсаулық және білім беру мекемелерінің басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары мен қызметкерлері, институт және колледждердің басшылары, оқытушылар құрамы, студенттер және БАҚ өкілдері катысты.

**Суретте: кездесуден
көрініс**
Суретті тұсірген автор
Арқалық қаласы.